

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

- суретті аяқтау (симметрия принципі бойынша)
- лабиринттер
- дидактикалық ойындар
- М. Монтессори әдісі
- Кіші заттармен ойнау
- пазл, мозаика қолдану

Қорыта айтқанда бұл технология балаларды төзімдікке, ұйымшылдыққа, сабырлы, ұқыпты болуға үйретеді. Бұл технология арқылы балалардың қызығушылығын ашып шыдамдылыққа үйретеміз. Моншақ технологиясы тұнып тұрған эстетика, зияткерлік ойлау, сөйлеу, еңбек, жеке және бірлескен әректің нәтижесі. Балалар бұл технологияның арқасында жаңа ойлармен мақсаттар қоя бастайды. Моншақ технологиясы балаларды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар оларға шығармашылық пен өзін-өзі көрсетуден қуаныш пен ләззат әкеледі. Бұл балалардың ерте жаста жан-жақты дамуына ықпал ету үшін ойын, шығармашылық және білім беруді біріктіретін тиімді оқыту әдісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Интернет -ресурсы : <http://www.maam.ru> ;<http://pedlib.ru> ; Дидактическое пособие «Умные бусы» для детей старшего дошкольного возраста: <http://ped-kopilka.ru> .
2. М. И. Родина, "Бусоград", "Музыкальная палитра", Санкт-Петербург", 2014г.
3. М. И. Родина, А. И. Буренина, "Кукуляндия", "Музыкальная палитра", Санкт-Петербург", 2008г.
4. Сивохина Н. П., Родионов В. Б., Горбунов Н. М. Логистика: Учеб. пособие. - М.: ООО "Издательство АСТ", ЗАО "РИК Русанова", 2000.

ӘОЖ 373

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЖАҢАША БАҒЫТТАРЫ

Қашқынбай Ақниет

akosh.akniet@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»

мамандығының 3 курс студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к, профессор Ф.Н.Жұмабекова

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға жеке-жеке тоқталды. Олар – тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық, ынтымақтастық, ұлттық құндылық және жаңашылдық. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады. Ата-бабалар аманат еткен ұлан-ғайыр даланы аман сақтау, ең алдымен, жас буынға артылатын зор үміт, - деп атап көрсеткен [1].

Ұлттық рухани мәдениеттің адамгершілік тәрбиесіндегі мәні, оны жеткіншектерге «өз Отанына сүйіспеншілігін, халық дәстүрлеріне құрметін тәрбиелеу» мақсатында пайдалану проблемасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да жетекші міндеттердің бірі болып отыр [2].

Кейінгі жылдары қоғамда көрініс алып отырған келеңсіз жағдайлар да (балалардың тәрбиесіндегі кемшіліктер, жеткіншектердің мінез-құлқындағы дөрекі қылықтар, қатыгездік, жауыздық және т.б.), бүгінгі тәрбие саласындағы жаңаша көзқарасты ғылыми педагогикада жүйелі түрде пайдалануға байланысты тиімді идеяның болмауы да адамгершілік тәрбиесін, соның ішінде бүгінгі таңда балаларға жасына қарай кезеңге бөліп тәлім-тәрбие және білім беруде қолдану қажеттілігін туғызып, тәрбие мәселесін дағдарысқа әкелуде. Бұл мәселенің

шешімін, ғасырлар бойы өзінің көкейкестілігін жоғалтпаған, керісінше, әрбір қоғамдық формацияда болған өзгерістерге байланысты жетіліп отырған қазақ халқының озық салт-дәстүрлерінен іздестіру қажет

Ұлттық құндылықтар бір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ұлттық құндылықтар әр халықтың тарихын, дәстүрлерін сонау көне ғасырлардан біздің уақытқа дейін жеткізген құрал.

Ұлттық құндылықтардың халқымыздың өмірінде алатын орны өзгеше. Қазақтың салт-санасын жаңғырту еліміздің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, төл құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу – ұлттық идеяның негізгі бағыты.

Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қалмақ» деп тұжырым жасаған екен. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлттық құндылықтарға сүйене отырып тәрбиелеу керек.

Қазақ халқының өзіне тән тәлім-тәрбиелік ерекшеліктері оның салт-дәстүрлерінен айқын көрінеді. Мысалы, ұлттық қасиет – меймандостық ең әуелі жеке тұлғалардың игі әрекеті болса, ол қолданысты үлгі-өнеге ретінде басқалар да пайдаланып, әдет-ғұрыпқа айналдырған. Ұлттық сана-сезімнің өсуі мен өтуі, бір жағынан, ана тілдің тағдырын анықтаса, екінші жағынан, ана тілдің даму дәрежесі ұлттық сана-сезім деңгейінің өлшеуіші болып есептеледі. Халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы әр ұлттың өзіндік құндылықтары қалыптасады. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі болып табылады. Отансүйгіштік рух – Тәуелсіз еліміздің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орнын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Осы жерде жас ұрпақ, ең бастысы – отбасында асқақ отансүйгіштік сезімде тәрбиеленуі тиіс [3].

Ұлы Абай «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан» дейді. Бала бойында отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына ата-ана мен ауыл-аймағының ықпалы зор. Отанды сүю отбасынан басталады. Сондықтан да бала тәрбиесінің шешуші факторы – отбасы. Баланың ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады.

Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ маңызды іс. Сондықтан да қоғам бұл жұмысқа парасаттылық танытып, байсалдылықпен жұмылуы керек. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағлымдарын, мәдениетін, тарихын, бұрынғы-соңғы ұлы ойшыл педагогтардың еңбектерін оқып, жетік білмей, оны жақсы меңгермей тұрып, келер буынға дұрыс тәрбие сіңіру мүмкін емес. Жас ұрпаққа ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, оларды мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – қазіргі таңдағы өмір талабы және қоғам қажеттілігі.

Қай заманда, қандай қоғамда болсын алдымызда тұрған зор міндеттердің бірі – болашақ ұрпақ тәрбиелеу. Жан-жақты жетілген, ақыл- парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр халықтың салт-дәстүрі, ел дамуындағы бағалы байлықтың нәрін біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Басқа халықтар сияқты қазақ елінің де ұрпақ тәрбиелеуде мол тәжірибесі, жиған-тергені, озық ойлары мен өзіндік ерекшеліктері бар. Осындай мол мұраның «дөнегін мәпелеп екпейінше» болашақ ұрпақты ізгілік пен парасаттылықты тәрбиелеу мүмкін емес. Халықтың жазбаша жазылмаған, бірақ ұрпақ есінде мәңгілікке сақталып, бір ұрпақтан бір ұрпаққа ауызша жалғасып келген нақыл, өсиет, өнеге қағида болып таралып келген тәлім- тәрбие тағылымының бай мұрасы бар. Ол халықтық педагогика деп аталады.

Ұлттық тәрбие отбасылық тәрбиеден басталып, ел-жұрт, ауыл- аймақ, тіпті бүкіл халықтық қарым- қатынастан берік орын алған тәлім- тәрбиенің түрі. Ендеше, ұлттық құндылық қоғам дамуының барлық сатыларынан өтіп, тәжірибеде жүйеленіп, ғылыми

педагогикалық дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі, алтын дінгегі болып келгені даусыз. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беру үшін ұлттық құндылық негіздерін меңгеру маңызды болып табылады. Ұлттық құндылықтар жайлы ақындарымыз да, ұлт ұстаздарымызбен ұлы дала даналарымыз да өз еңбектері мен сөздеріне тиек етіп айтқан болатын [4].

Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесіншісі – атамекені. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді.

Біз үшін еліміздің өркендеуі, ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына. Әрине, халқымыздың ұлттық құндылықтары өте көп солардың ішінен *іріктеп бес бағытта* қарастыруды жөн көрдік:

Бірінші құндылық – тәуелсіздік және тарихи таным деп атаған жөн. Тәуелсіздіктің арқасында, қазақ елін, Қазақстан халқын әлем таныды және мойындады. Тәуелсіздік символы – мемлекеттік Туымыз, Әнұранымыз, Елтаңбамыз. Ту – ұлттың бірігуіне ықпал етеді. Ұлттық сананың биіктігін көрсетеді. Тәуелсіздік – еркіндік пен азаттықты ғана алып келмей, сонымен қатар, ұлтымыздың санасын өзгертті, сапасын жақсартты, өзін танытты. Тарихи танымның ар жағында тек өткен жылдар мен көнерген ғасырлар сыры тұрған жоқ. Ұлттың болмысы, санасы, дәстүрі мен салты, кәсібі, ұстанымы, тәрбиесі бірде әлсіреп, бірде жетіліп ғасырлармен бірге жасасып келеді. Тарих – тәрбие-ші, ұлттың бағдары, жол сілтеушісі. Тарихы бекем жасалған халық дұрыс бағыт алады. Бірегей көп томдық мемлекеттік тарихымызды өзіміз жазбай ұлттық құндылықтарымызды орнықтыра алмаймыз.

Ұлттық құндылықты қалыптастыратын да, дамытатын да білімді, білікті кәсіби мамандар тәрбиелей отырып білім беруге басымдық беру қажет. Аталған құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіруде отбасы, балабақша мен мектеп тәрбие мен білімнің орталығы болғандықтан мұндағы жүргізілетін іс-шаралардың барлығы ұлттық құндылыққа негіздей отырып сабақтастықта жүргізілуі керек.

Бұл құндылықты отбасында және балабақшада жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері:

Оқу іс-әрекетінің құрылымын тиімді жоспарлау, ақпаратты іздеу, ақпараттық модельдер құру және әрекетті жабдықтау (сабақтың негізгі мазмұны жеңіл әрі тиімді түрде қабылданады) сияқты дағдылар мен біліктердің жиынтығы болатынын ескере отырып, ойлаудың операциялық стилінің қалыптасуы өз септігін тигізеді [5].

Бірінші құндылық - салауаттану құндылығы. Дені сау, ақылы азат, ниеті түзу ұрпақ тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы жетістіктерді бекіту және өзгерістерді кеңейту. Баланың денсаулығы өте маңызды, сондықтан оны нығайту үшін еңбекпен ұштастырып алу керек.

Екінші құндылық – ел мен жер деп білемін. Қазақта: «Егесіз ел азар, иесіз жер тозар» деген мақал бар. Ұлан ғайыр даланы бабаларымыз көзінің қарашығындай сақтады. Қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен қорғады. Қазақтың жері – қасиетті. Ол бүгінгі жаһандық тайталас кезіндегі ұлттық бірігейліктің символы болып қала береді.

Бұл құндылықты отбасында және балабақшада жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері:

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің білімді интерактивті әдіс арқылы қабылдау дағдыларын меңгеріп, содан кейін ұлттық құндылықты өзінің бойына сіңіру. Ойын әдістері арқылы: балаларда туған жері туралы керемет мақтаныш сезімі болуы үшін табиғатымызға байланысты және ата-бабаларымызға байланысты түрлі суреттер көрсету арқылы қызықтыру.

Үшінші құндылық – тіл, әдебиет және руханият. Тіл мен әдебиет – ұлттың жаны мен жады, оның бет-бейнесі, өткені, бүгіні мен болашағы. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөзі

жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», - деп тілдің ұлт үшін қандай маңызы бар екенін бір ғана ауыз сөзге сыйдырған еді. Тілді қорғау – ұлтты қорғау. Ана тілі – ұлт жүрегі, ұлт тілегі. Тілдің болашағы – ұлттың болашағы! Тілде халықтың бүкіл болмысы, рухы, ішкі жан-дүниесі көрініс табады деп жатады. Қазақтың тілінен қазақ халқының қаншалықты кемеңгер халық екендігін аңғаруға болады.

Бұл құндылықты отбасында және балабақшада жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері:

оқу іс-әрекетін ұлттық құндылықты дәріптеу арқылы түрлі материалдарды қолданып өткізу ойынға оңай ұласады да, балаларда оқуға деген эмоционалдық жағымды қатынас пайда болады. Балалардың тілін дамытуда түрлі мақалдарды айтып, жаңылтпаш жаттатқызуға болады.

Ұлттық ойындарды заманауи форматта түрлендіріп өткізу; мысалы: көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ т.б ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі.

Қазіргі таңда осы бойынша жасалып жатқан бірқатар еңбектерді де атап айтар болсақ: «Жеті ойыншық», «Бестемше», «Алаңдағы бестемше», «Ғарыштағы бестемше», «Асық ойыны», «Хан дейбасы», «Ханталапай», «Тәуелсіздік әліппесі», «Сәйгүліктер», «Ақылды қуыршақ» балаларға арналған әндерді үйрететін ойыншық қуыршақтардың жарыққа шығуы.

Төртінші құндылық – ұлттық дәстүр және отбасы. Ұлттық болмыс, оны дәріптеу отбасынан, ошақ қасынан басталады. Отбасы – тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Расында, ұлттық дәстүр және отбасылық тәрбие – патриотизмнің бастауы екенін ұмытпайық. Баланы бесіктен тәрбиелеу – ұлттық ұғым кепілі.

Бұл құндылықты отбасында және балабақшада жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері:

Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт – дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады.

Балалардың бойына бұл құндылықты сіңіруде түрлі ертегілер мен шағын әңгімелер оқып береміз. Одан ары дамыту үшін сюжеттік-рөлдік ойындарды ойнату арқылы баланың жадында ұлттық мәдениетімізді өшпестей қалдыра аламыз деуге болады.

Бесінші құндылық – білім мен біліктілік. Білімді ел – озады, ғылымсыз ел – тозады. Елімізде білім мен ғылым саласына үлкен қамқорлық жасалды. Өйткені, кез келген қоғам – адами капитал арқылы дамиды.

Бұл құндылықты отбасында және балабақшада жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері:

Нәрестелік кезеңнен басталатын тәрбиенің қалыптасқан ұлттық рәсімдері мен тәлімдік тәсілдері ұлттық салтпен қолданылып, жан жүйеге тәлім-тәрбиелік әсер етеді. Олар: нәресте шыр етіп дүниеге келген күннен басталатын «Шілдехана», «Бөбекті қырқынан шығару», «Балаға ат қою», «Бесік тойы», т.б. сияқты рәсімдерді атап айтуға болады [6].

Баланың бойына бұл құндылықты сіңіру үшін салтымызды видеолар көрсету арқылы және сол ұлттық дәстүрлеріміздің маңыздылығын түсіндіру үшін рөлдік ойын ойнату арқылы қол жеткізе аламыз [6].

Ескеретін жағдайлар: Зерттеулерді талдау негізінде тәрбиеші педагогикалық үдерісте мектеп жасына дейінгі бүлдіршіннің жас ерекшелігіне сай, психикасы мен денсаулығына кері әсері болмайтындай қолдану керек. Оқу іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды қолдану кезінде барлық қауіпсіздік ерекшеліктерін ескере отырып жүргізу тәрбиешіге жоғары жауапкершілікті жүктейді. Бұндай тұжырым балабақшадағы оқу үдерісінде бүлдіршіндердің ақпараттық қажеттілігін, қызығушылығын туғызатындай ұйымдастыруда аталған құралдарды қолданудың дидактикалық алғышарттарын құруды талап етеді.

Қазақ халқының ұлттық болмысын сақтап дамытуда білім мен тәрбиенің ордасы болып саналатын қазақ балабақшаларының рөлі өте жоғары. Балабақшалар ұлттық сипат алмаса, ұлттық мәдениет пен ұлттық тәрбиенің болуы мүмкін емес.

Жас ұрпақты, жеткіншектеріміз бен бөбектерімізге ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіру- әр ата- ана мен қатар, тәрбиешілердің міндеті. Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен мұнан кейін балабақшаның да ролі зор.

Балаларға ұлттық тәрбие беру барысында оларға ұлттық мәдениетімізді, ою-өрнектерімізді көрсетіп, таныстыру өте маңызды. Сол тұрғыда мен балалармен «Ою-өрнек сәніміз» деген тақырыпта жұмыс жасадым. Балаларға түрлі оюлардың суретін көрсетіп, таныстырып сол оюларды өздеріне боятып, ермексазбен бейнесін ақ қағаз бетіне жасатып, мақтаны пайдалану арқылы оюдың бейнесін жапсырдық. Бұл арқылы балалардың ұсақ қол моторикасын дамыта аламыз. Балалардың бойына ұлттық құндылығымызды сіңіру барысында тек оюмен ғана емес ұлттық киімдерімізбен, ұлттық ойындарымызбен таныстырып түрлі ойындар ойнадық. «Бестемше» ойынын үстел үсті мен алаңда ойнатумен қатар жыл мезгілдеріне байланысты қағаз және мақтамен жасап балаларды жерге отырғызып ойнаса болады. Бұл арқылы біз балалардың қимыл-қозғалысын және ұсақ қол моторикасын дамыта аламыз.

Нәтижесінде: балалардың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру және ұлттық мәдениетімізді меңгеру барысында қарапайым түсініктер қалыптасады. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы артта түседі. Балалардың ұлттық мәдениет жайлы және ою-өрнектер, ұлттық киімдер, зергерлік бұйымдар, т.б қазақтың сәндік қолданбалы өнері туралы білімдері кеңейтіледі. Оқу қызметі балалардың айналадағы дүниені танып білуге деген қызығушылықтары арттырады. Іс-әрекет барысында балалардың белсенділігі арттырылып дербес әрекет ету дағдылары қалыптаса бастайды. Өзім жүргізген тәжірибе барысында балалардың жетістіктері:

- берілген тапсырманы түсініп орындай алды, қойылған сұрақтарға толық жауап беруге тырысты, оқу іс-әрекеті барысында балалардың өзін-өзі ұстау мәдениеті өте жоғары болды;
- тапсырма орындауда оюлар туралы түсініктерін қалыптастырды және ұсынылған тапсырмаларды дұрыс орындай білді;
- оюларды бейнелеуде дұрыс түстерді қолдануды меңгерді.
- мектепке дейінгі кезеңде бірнеше көркем бейнені жасай алады;
- олардың ойлауына, жеке тұлға болып дамуында із қалдырып, шығармашылық қабілеттірін дамытуға ықпал етті деп ойлаймын.

Халқымыздың сан ғасырлық тарихында балаға жан-жақты тәрбие берудің өзгеге ұқсай бермейтін өзіне тән ерекше талаптары қалыптасқан. Халқымыздың салтында сәбиді қастерлеу, өте биік мұрат болып саналады. Ұл мен қызды бөле ажыратпайды, бәріне бірдей әкелік, аналық ерекше мейірімділікпен қарайды. Ұл баланы мұрагер, қыз баланы жатты жақындатушы деп ерекше ілтипатпен үміт артады. Сондықтан да үйге жас сәби келсе, дос-жолдастары ата-ананы сәбиімен құттықтап, қалауын білдіреді. Мұндай жағдайда қымбат бұйым болса да қалаушыны риза етеді. Өйткені қалаушының ниеті ұлық болып саналады. Ал жомарттық біздің халқымыздың өзгеге ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі. Осындай ғасырдан ғасырға ұласып, ел екшеуінен өтіп, мол да шексіз қазына болып қалыптасқан асыл мұратымыз халық педагогикасының лайланбас тұнығын, тот баспаған асылын әрбір баланың бойына зәруі етіп сіңіру – бүгінгі күннің өзгеден еңселі міндеті. Олай болмағанда қалыптасқан тәрбие негізінде ащы да терең шындық бар екені баршамызға аян. Тілін білмеген тіленіп, салт-дәстүрін білмеген кірленіп, елін сүймеген күйініп өтетінін әрбір азамат білуге тиіс. Осыған орай, тәрбие отбасынан басталып, балабақшада, мектепте жалғасын тауып, дамытыла түсуі керек.

Ойымызды қорытындылай келе, ұлттық құндылықты мектепке дейінгі ұйымдарда дәріптеу дербес оқыту технологиясы ретінде оқу-тәрбие үдерісінде балалардың ойлауын дамытуға ықпал ететінін ескеріп, тәрбиеші педагогтар оқу қызметінде тиімді пайдалана білуі тиіс деп есептейміз. Тәрбиеші педагогтардың білім, білік сапасын арттыру және этнопедагогика материалдарының түрлерін таңдай білуге, одан шығатын нәтижеге қол жеткізу әрбір маманның кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады. Ұлттық мәдениетті пайдалану арқылы баланың

ақыл–ойын дамыту білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының бүгінгі күннің талаптарына сай болғанда және педагог мамандардың әлеуетіне, біліктілік деңгейіне де қатысты болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР Президентінің Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы –Атырау, 2024
2. Екі мыңжылдық дала жыры / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2000. – 752 бет
3. А.Бадел/ Қазақ этнопедагогикасы - бала дүниетанымын калыптастыру негізі. Әдістемелік құрал.Астана: Зерде, 2009. – 202б.
4. Құндылықтардың төресі.// Қазақ әдебиеті, №8, 2011
5. Жалпыадамдық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013
6. Худайбергенов Н. Қазіргі ғылымдағы жалпыадамдық құндылықтар жайлы түсінік //2017

ӘОЖ 37.031.2

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МОТИВАЦИЯСЫН ДАМУЫ

Қойшыбай Алтыннұр Танатқызы

dk_edu@mail.ru

«Педагогика және психология» мамандығының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – п.ғ.д., профессор Шалғынбаева Қ.Қ.

Қазіргі заман балалары оқуға баруды, үйде болуды заманауи ғылыми тілмен айтқанда «квест» көреді. Кешкісін үй тапсырмасын шамасынша оқып, ертеңгісін сабақтағы жалпыға ортақ он баллдық бағалау шкаласымен бірнеше критериге (топтағы жалпы сыныптастарының деңгейінде жауап беру сапасы, лездік жауап бере алуы, тәртібіне қарай бағалануы және басқа да себептер) сай бағаланады. Төмен баға алып үйіне көңіл-күйі түсіп барса, ертеңінде сыныптастарының алдында көрінгісі келмейтіндей деңгейде салы суға кетеді. Кешкісін жұмыстан шаршап келген ата-ана төмен баға алған баласына барлық ашуын шығарып, бітпейтін өмір шырмауының тұйықталу нүктесі айналып келіп сол балаға соққы берумен болады.

«Бала – ата-ана – мектеп» үштігіндегі осы «тұйық шырмауды» тарқату ғылыми жұмысымызға негіз болды. Мәселені әлеуметтік, отбасылық, жеке тұлғалық тұрғыда жіктеп, әр тарапқа екі жыл көлемінде жеке педагогикалық-психологиялық зерттеу жұмысы жасалды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғашқы рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіп отырғаны белгілі. Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті қазіргідей әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар білікті мамандар қажет. Ал ондай мамандар дарынды балалардың арасынан шығады [1].

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» - деген ұлы Абайдың сөзі қазіргі уақытта да өз мәнін жоғалтқан жоқ. Озық ойлы білімдар адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады. Қазіргі таңда ғылым мен тәжірибеде дарындылық туралы екі түрлі көзқарас бар [2, 3].

Тиімді оқыту тек оқыту үдерісіндегі жұмыстың әдістері мен формаларына ғана емес, оқушылардың сезіміне және олардың зейінділігіне, атрибуты мен мақсаттарына байланысты